

## «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері<sup>1</sup> (бұдан әрі – ЗА) 25 435,96 млрд.<sup>2</sup> теңгені құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	01.01.2026 жылға ағымдағы құны	01.01.2026 жылға үлесі	01.02.2026 жылға ағымдағы құны	01.02.2026 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	10 922,98	43,51%	10 916,21	42,92%	-0,06%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	533,44	2,12%	532,72	2,09%	-0,13%
ХҚҰ	310,22	1,24%	312,08	1,23%	0,60%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	10,17	0,04%	10,47	0,04%	2,88%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	2 372,47	9,45%	2 379,96	9,36%	0,32%
ҚР ЕДБ облигациялары	623,47	2,48%	631,59	2,48%	1,30%
PPN (құрылымдық ноттар)	8,71	0,03%	8,67	0,03%	-0,46%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	484,58	1,93%	605,96	2,38%	25,05%
ҚРҰБ депозиттері	1 116,71	4,45%	642,76	2,53%	-42,44%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	19,39	0,08%	16,80	0,07%	-13,33%
РЕПО операциялары	-	0,00%	130,71	0,51%	100,00%
<b>Активтерді индекстік басқару, оның ішінде:</b>	<b>9 376,95</b>	<b>37,35%</b>	<b>9 318,13</b>	<b>36,63%</b>	<b>-0,63%</b>
дамыған елдердің активтері	2 653,22	10,57%	2 626,80	10,33%	-1,00%
дамушы елдердің активтері	1 471,37	5,86%	1 459,17	5,74%	-0,83%
<b>сыртқы басқарудағы активтер</b>	<b>5 252,36</b>	<b>20,92%</b>	<b>5 232,16</b>	<b>20,57%</b>	<b>-0,38%</b>
<b>дамушы елдер облигацияларының мандаты бойынша:</b>					
Aviva Investors Global Services Limited	283,57	1,13%	281,17	1,11%	-0,85%
TCW Asset Management Company LLC	195,41	0,78%	194,05	0,76%	-0,70%
PIMCO Asia Pte Ltd	242,63	0,97%	241,04	0,95%	-0,65%
<b>ғаламдық акциялар мандаты бойынша:</b>					
Invesco Asset Management Deutschland GmbH	412,13	1,64%	414,64	1,63%	0,61%
HSBC Global Asset Management (UK) Limited	637,31	2,54%	637,12	2,50%	-0,03%
UBS Asset Management (UK) Ltd	501,65	2,00%	500,69	1,97%	-0,19%
Blackrock Financial Management	458,72	1,83%	460,22	1,81%	0,33%
BlackRock Investment Management	263,69	1,05%	263,41	1,04%	-0,10%
Robeco Institutional Asset Management B.V.	422,11	1,68%	424,86	1,67%	0,65%

<sup>1</sup> міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған

<sup>2</sup> зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша:					
Principal Global Investors (Europe) Limited	627,94	2,50%	621,18	2,44%	-1,08%
PGIM Limited	638,26	2,54%	631,07	2,48%	-1,13%
PIMCO Asia Pte Ltd	568,94	2,27%	562,70	2,21%	-1,10%
<b>ҚРҰБ басқаруындағы 3А жиынтығы</b>	<b>25 103,96*</b>	<b>100,00%</b>	<b>25 435,96**</b>	<b>100,00%</b>	<b>1,32%</b>

\* - 675,12 млрд. теңге сомасына жасалған мәмілелер бойынша төлемге міндеттемелер есебімен

\*\* - 70,10 млрд. теңге сомасына жасалған мәмілелер бойынша төлемге міндеттемелер есебімен

БЖЗҚ 3А инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (YTM) 01.02.2026 жылғы жағдай бойынша жылдық 11,89% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 14,17%, шетелдік валютада – жылдық 4,47%.

### **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары**

БЖЗҚ 3А портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есепті күндегі ағымдағы құны 10 916,21 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 42,92% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде жылдық 15,60% орташа алынған кірістілікпен номиналды құны бойынша жалпы сомасы 60,00 млрд. теңгеге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды, сондай-ақ 100,00 млрд. теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтеу жүзеге асырылды. Есепті айда ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылмады.

Есепті күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 14,20% құрады.

### **Өтімділіктің субпортфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары**

Есепті ай үшін өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ ағымдағы құны 0,72 млрд. теңгеге азайды және 532,72 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,09% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде жылдық 3,64% орташа алынған кірістілікпен номиналды құны бойынша 298,43 млрд. теңгеге көлемінде АҚШ МБҚ сатып алынды. Есепті айда 293,77 млрд. теңге көлемінде АҚШ МБҚ өтелді, шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатылған жоқ.

Есепті күнде БЖЗҚ 3А валюталық портфель өтімділігінің субпортфелінде шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 3,94% құрады.

### **Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары**

Есепті айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 1,86 млрд. теңгеге артты және 312,08 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,23% құрады.

Есепті айда халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 15,83%, сыйақының индекстелген мөлшерлемесімен инфляция және сыйлықақы немесе TONIA мөлшерлемесі және сыйлықақысы деңгейінде құрады.

### **ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер**

Есепті күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 642,76 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,53%.

Есепті айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция

салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 17,18% орташа алынған кірістілікпен 421,32 млрд. теңгені құрады.

#### **Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары**

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 10,47 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,04% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

#### **Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары**

Есепті айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 7,49 млрд. теңгеге ұлғайды және 2 379,96 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 9,36% құрады.

Есепті айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың бағалы қағаздарын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Есепті күнге ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген жылдық 12,16%, АҚШ долларына – жылдық 5,41% құрады.

#### **Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары**

Есепті айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 8,12 млрд.теңгеге ұлғайды және 631,59 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,48% құрады.

Есепті айда ҚР ЕДБ бағалы қағаздарын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Есепті күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 16,21% құрады.

#### **Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттары)**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 8,67 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,03% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

#### **Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары**

Есепті айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 121,38 млрд. теңгеге ұлғайды және 605,96 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,38% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

#### **Валюталық портфельдің активтерін индекстік басқару**

Активтерді индекстік басқару инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар жиынтығы болып табылатын эталондық портфельге қатысты инвестициялар портфелін қалыптастыруды көздейді. Эталондық портфельдің кірістілігі инвестициялар портфелін басқарудың тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Эталондық портфель ретінде жетекші әлемдік қаржы компаниялары немесе ҚРҰБ әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады.

Валюта портфелінің стратегиялық бөлінуіне сәйкес активтерді индекстік басқару дамыған елдер облигацияларының субпортфеліне, дамушы елдер облигацияларының субпортфеліне, корпоративтік облигациялардың субпортфеліне және акциялардың субпортфеліне қатысты қолданылады.

Активтерді индекстік басқаруды ҚРҰБ дербес, сондай-ақ шетелдік басқарушы компанияларды тарта отырып жүзеге асырады. ҚРҰБ дамыған елдердің субпортфелін және

дамушы елдердің облигациялар субпортфелінің бір бөлігін индекстік басқаруды жүзеге асырады.

2026 жылғы 1 ақпандағы ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА валюталық портфелінің аллокациясы 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. 01.02.2026 ж. БЖЗҚ ЗА валюталық портфелін стратегиялық бөлу

Субпортфель	Нысаналы мәні (рұқсат етілген ауытқу)	Құны, млн. АҚШ долларымен	Құны, млрд. теңгемен	Валюталық портфельден үлесі, %	БЖЗҚ ЗА үлесі, %
Дамыған елдердің облигациялары	25% (±10%)	5 242,91	2 626,80	25,39%	10,33%
Дамушы елдердің облигациялары	25% (±10%)	4 342,00	2 175,43	21,03%	8,55%
Корпоративтік облигациялар	20% (±10%)	3 622,52	1 814,95	17,55%	7,14%
Акциялар	30% (±10%)	5 390,90	2 700,95	26,11%	10,62%
Өтімділік	0% (+10%)	2 047,33	1 025,75	9,92%	4,03%
<b>Валюталық портфель жиыны</b>		<b>20 645,64</b>	<b>10 343,88</b>	<b>100,00%</b>	<b>40,67%</b>

#### *Дамыған елдер облигацияларының субпортфелі*

Есепті айда дамыған елдер облигациялары субпортфелінің ағымдағы құны 26,42 млрд.теңгеге азайды және 2 626,80 млрд.теңгені құрады. БЖЗҚ ЗА портфеліндегі дамыған елдердің облигацияларының субпортфель үлесі 10,33%.

Дамыған елдер облигацияларының субпортфелі үшін АҚШ долларына номиналданған 10 жылға дейін өтеу мерзімімен АҚШ мемлекеттік бағалы қағаздарынан тұратын Custom Index (G502) индекс эталон портфель болып табылады. 2026 жылғы 1 ақпанда аталған индекстің құрамына облигациялардың 200 шығарылымы кіреді.

#### *Дамушы елдер облигацияларының субпортфелі*

Есепті айда дамушы елдер облигациялары субпортфелінің ағымдағы құны 17,54 млрд.теңгеге азайды және 2 175,43 млрд.теңгені құрады. БЖЗҚ ЗА портфелінде дамушы елдердің облигацияларының субпортфель үлесі 8,55%.

Дамушы елдер облигацияларының субпортфелі үшін эмитенттері «BB-» төмен емес рейтингі бағасы бар дамушы елдер болып табылатын, АҚШ долларына номиналданған облигацияларынан тұратын Custom Index (Q979) индекс эталон портфель болып табылады. 2026 жылғы 1 ақпанда аталған индекстің құрамына 32 дамушы ел шығарған АҚШ долларына номиналданған облигациялардың 488 шығарылымы кіреді.

#### *Корпоративтік облигациялардың субпортфелі*

Есепті айда корпоративтік облигациялары субпортфелінің ағымдағы құны 20,19 млрд. теңгеге азайды және 1 814,95 млрд.теңгені құрады. БЖЗҚ ЗА портфелінде корпоративтік облигациялардың субпортфель үлесі 7,14%.

Корпоративтік облигацияларының субпортфелі үшін эмитенттері рейтинг бағасы «BBB-» деңгейінен төмен емес және капиталы жоғары дамыған және дамушы елдердің резиденттері болып табылатын, АҚШ долларына номиналданған корпоративтік бағалы қағаздардан тұратын Custom Index (Q980) индекс эталон портфель болып табылады. 2026 жылғы 1 ақпанда аталған индекстің құрамына 1 379 эмитент шығарған облигациялардың 8 013 шығарылымы кіреді.

#### *Акциялардың субпортфелі*

Есепті айда акциялардың субпортфелінің ағымдағы құны 5,33 млрд. теңгеге артты және 2 700,95 млрд. теңгені құрады. БЖЗҚ ЗА портфелінде акциялардың субпортфель үлесі 10,62%.

Акциялардың субпортфелі үшін әлемнің дамыған елдері компанияларының акцияларынан тұратын Custom MSCI World Index индекс эталон портфель болып табылады. 2026 жылғы 1 ақпанда аталған индекстің құрамына 23 дамыған елдерге жататын жоғары және орташа капитализациясымен компаниялардың 1 278 акциясы кіреді. Индекстің 74%

көлеміндегі негізгі үлесін АҚШ компанияларының акциялары иеленеді. Индекске Жапония, Ұлыбритания, Франция, Канада және басқа елдердің акциялары кіреді.

### Валюталық құрылым

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 3-кестеде келтірілген.

#### 3-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Валюта	01.01.2026 жылға ағымдағы құны	01.01.2026 жылға үлесі	01.02.2026 ж. ағымдағы құны	01.02.2026 ж. үлесі	млрд. теңге
					Жыл басынан өсуі/төмендеуі
Ұлттық валюта	14 820,73	59,04%	15 092,08	59,33%	1,83%
АҚШ доллары	10 282,31	40,96%	10 342,93	40,66%	0,59%
Басқа валюталар	0,93	0,00%	0,95	0,00%	2,20%
<b>Жиыны:</b>	<b>25 103,96</b>	<b>100,00%</b>	<b>25 435,96</b>	<b>100,00%</b>	<b>1,32%</b>

### Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2026 жылғы қаңтар үшін есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 223,18 млрд. теңгені құрады. 2026 жылғы қаңтар үшін салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 1,00% мөлшерінде болғанда 0,87% құрады.


Зейнетақы активтерінің жекелеген қысқа мерзімді кезеңдер үшін кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші болып табылмайтынын атап өту маңызды, өйткені қаржы құралдары және қысқа мерзім ішінде есептелген басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдары құнының ауытқуын үнемі жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды ұзақ уақыт кезеңіне жасаған жөн.

2025 жылғы ақпаннан 2026 жылғы қаңтарға дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 2,28 трлн. теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік инфляция 12,20% мөлшерінде болғанда 9,74% құрады.

2026 жылдың қаңтарында қаржы нарығында ФРЖ базалық мөлшерлемесінің ағымдағы деңгейде сақталуы аясында қалыпты құбылмалылық байқалды. Қаңтардағы инфляция жылдық 2,4% деңгейінде (желтоқсанда 2,7%) сақталды, ал оның айлық өсімі 0,2%-ды (желтоқсанда 0,3%) құрады. Қаңтарда ауылшаруашылық емес секторда жаңа құрылған жұмыс орындарының санының өсуі 130 мың жұмыс орнын құрады (желтоқсанда 48 мың), ал жұмыссыздық деңгейі желтоқсандағы 4,5%-дан желтоқсанда 4,3%-ға төмендеді. Нарық 2026 жылы ФРЖ базалық мөлшерлемесінің 2 төмендеуін күтеді.

Нәтижесінде АҚШ-тың эталон 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі қаңтарда 7 базалық тармаққа көтерілді және 4,24% құрады. Дамушы елдердің облигациялары бойынша және корпоративтік облигациялар бойынша спредтер тиісінше 10 базалық тармаққа және 5 базалық тармаққа тарылды. Мұнымен бірге MSCI World акцияларының индексі 2,2%-ға өсім көрсетті.

Қаңтар айында ҚР МБҚ орналастыру бойынша аукциондарда базалық мөлшерлемені 18% деңгейінде сақтау туралы ҚРҰБ шешімінің аясында кірістілік қисығының бойына кірістілік желтоқсан деңгейінде сақталды. Инфляция жылдық 12,2%-ға дейін баяулады (желтоқсанда 12,3%), бұл ретте айлық мәнде қаңтар айында өсім 1,0% құрады (желтоқсанда 0,9%). ҚР МБҚ орналастыру бойынша аукциондарда жоғары сұраныс байқалды, ол ұсыныстан 2,3 есе асып түсті. Бұл ретте негізгі сұраныс орта мерзімді орналастыруларда шоғырланды. ҚРҚМ қарыз алу көлемі қаңтарда желтоқсанмен салыстырғанда ұлғайып, 448 млрд. теңгені құрады.



2026 жылдың басынан бергі есептелген инвестициялық кіріс құрылымы 4-кестеде көрсетілген.

**4-кесте. 01.02.2026 жылғы жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы**

Атауы	2026 жыл үшін инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер	179,5
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	105,48
Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасын қайта бағалаудан түсетін кірістер (шығындар)	-41,74
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар), оның ішінде бағамдық қайта бағалау есебімен	-20,2
Басқа кірістер (шығындар)	0,14
<b>Жиыны:</b>	<b>223,18</b>

### Шартты бірлік құны туралы ақпарат

ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА шартты бірлігі құнының динамикасы 5-кестеде берілді.

**5-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бір шартты бірлігінің құны**

№	Күні	Бір шартты бірлік құны
1	01.01.2026	1 457,6431797
2	02.01.2026	1 457,6431797
3	03.01.2026	1 457,6431797
4	04.01.2026	1 457,6431797
5	05.01.2026	1 466,3680232
6	06.01.2026	1 466,3680232
7	07.01.2026	1 466,3680232
8	08.01.2026	1 466,3680232
9	09.01.2026	1 466,3680232
10	10.01.2026	1 466,3680232
11	11.01.2026	1 466,3680232
12	12.01.2026	1 470,2069671
13	13.01.2026	1 470,2069671
14	14.01.2026	1 470,2069671
15	15.01.2026	1 470,2069671
16	16.01.2026	1 470,2069671
17	17.01.2026	1 470,2069671
18	18.01.2026	1 470,2069671
19	19.01.2026	1 474,2593550
20	20.01.2026	1 474,2593550

№	Күні	Бір шартты бірлік құны
21	21.01.2026	1 474,2593550
22	22.01.2026	1 474,2593550
23	23.01.2026	1 474,2593550
24	24.01.2026	1 474,2593550
25	25.01.2026	1 474,2593550
26	26.01.2026	1 469,8525709
27	27.01.2026	1 469,8525709
28	28.01.2026	1 469,8525709
29	29.01.2026	1 469,8525709
30	30.01.2026	1 469,8525709
31	31.01.2026	1 470,3089068

### **Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат**

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының<sup>3</sup> талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2026 жылғы 01 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер б-кестеде көрсетілген.

#### **5-кесте. БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері**

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні, млрд. теңгемен	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайыздармен)	Лимиттер (ЗА жалпы көлемнен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	<b>КЗТ ақшалай қаражаты</b>	<b>0,10</b>	<b>0,00%</b>	<b>3% артық емес</b>	<b>иә</b>
	<b>Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат</b>	<b>30,01</b>	<b>0,12%</b>	<b>5% артық емес</b>	<b>иә</b>
<b>1</b>	<b>Қазақстандық қаржы құралдары:</b>	<b>15 164,02</b>	<b>59,62%</b>		<b>иә</b>
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	10 916,21	42,92%	20% артық емес 70% артық емес	иә
1.1.1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0,00	0,00%	5% артық емес	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	642,76	2,53%	5% артық емес	иә
1.3	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	2 881,66	11,33%	25% артық емес	иә
1.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде:	655,86	2,58%	30% артық емес	иә
1)	реттелген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар	622,47	2,45%	30% артық емес	иә
2)	үлестік бағалы қағаздар	33,38	0,13%	5% артық емес	иә
3)	депозиттер	0,00	0,00%	15% артық емес	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,00	0,00%	20% артық емес	иә
1.5.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борышты бағалы қағаздары	0,00	0,00%	5% артық емес	иә
1.6	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасы Екінші деңгейдегі банктерінің инвестициялау сәтіндегі Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізімінің "Премиум" санатына	67,53	0,27%	5% артық емес	иә

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

	кіретін немесе оған ұқсас не нарықтық капиталдандырылуы үш триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листингі бар үлестік емес үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда, мемлекеттік емес үлестік бағалы қағаздар				
1.7	Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы ресми тізіміне енгізілген исламдық қаржыландыру құралдары	0,00	0,00%	10% артық емес	иә
1.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтердің (ABS) кепіліне бағалы қағаздар	0,00	0,00%	5% артық емес	иә
<b>2</b>	<b>Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:</b>	<b>10 028,09</b>	<b>39,42%</b>	<b>50% артық емес</b>	<b>иә</b>
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары	5 462,93	21,48%	30% артық емес	иә
2.2	Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар	0,00	0,00%	10% артық емес	иә
2.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	1 872,31	7,36%	20% артық емес	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар	0,00	0,00%	10% артық емес	иә
2.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар	0,00	0,00%	10% артық емес	иә
2.6	Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар	2 684,19	10,55%	20% артық емес	иә
2.7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	0,00	0,00%	20% артық емес	иә
2.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	8,67	0,03%	5% артық емес	иә
2.9	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары	86,42	0,34%	2% артық емес	иә

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні, млрд. теңгемен	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайызбен)	Лимиттер (ЗА жалпы көлемнен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Туынды қаржы құралдары, олардың ішінде:	0,00	0,00%	10% артық емес	иә
1.1	Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00	0,00%	10% артық емес	иә
1.2	Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00	0,00%	10% артық емес	иә
1.3	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,00	0,00%	10% артық емес	иә

**7-кесте. Валюталық портфельді басқару бойынша БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын сақтауы туралы ақпарат**

Субпортфель	Нақты мәні (валюта портфелінің пайызымен)	Субпортфельден сыртқы басқару үлесі	Мандат	Акция субпортфелінен үлес	Орындауы (иә/жоқ)
Дамыған елдердің облигациялары	25,39%	-	-		иә
Дамушы елдердің облигациялары	21,03%	32,92%	-		иә
Корпоративтік облигациялар	17,55%	100%	-		иә
Акциялар	26,11%	100%	Пассив басқару, оның ішінде:	51,88%	иә
			<i>ESG</i>	9,57%	иә
			<i>quality</i>	9,44%	иә
			<i>min.vol</i>	4,11%	иә
			<i>classic</i>	28,77%	иә
Актив басқару	48,12%	иә			
Өтімділік	9,92%	-	-		иә
<b>Валюталық портфель жиыны</b>	<b>100%</b>				иә

**БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат**

**8-кесте. Есепті айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал құны теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	60 000 000 000
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	298 425 800 000
<b>Жиыны</b>			<b>358 425 800 000</b>

**9-кесте. Есепті айда бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәліметтер**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Өтеу сомасы теңгемен
ҚР МБҚ	USD	ҚР Үкіметі	100 000 000 000
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	KZT	АҚШ Үкіметі	293 770 410 000
<b>Жиыны</b>			<b>393 770 410 000</b>